



Қазалы



Ақпараттық-танымдық, қоғамдық-саяси газеті

Ақжолтай



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында ел игілігі үшін тер төгіп жүрген бірқатар азаматтар мемлекеттік марапаттарға ие болды. Солардың ішінде отандық ғылым мен ұлттық баспасөздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Жарылқасынұлы Шәріпке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

АМАНТАЙ ШӘРІП – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ»

Бұл жоғары марапат – ғалымның білім мен ғылым биігіндегі көпжылдық қажырлы еңбегі мен ұлттық руханиятты асқарту жолындағы салықалы қолтаңбасының лайықты бағасы.

Амантай Шәріп – қазақ әдебиеттану ғылымы мен отандық журналистиканың өзекті мәселелерін терең зерттеп, рухани мұрамызды түгелдеп жүрген көрнекті тұлға. Ол іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ақпарат кеңістігіндегі белсенді қызметімен ұштастыра білді.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық Шыңғыс Айтматов академиясының академигінің еңбек жолындағы айтулы кезеңдеріне көз жүгіртсек, шығармашылық

қуаты мен ұйымдастырушылық қабілетін айқын көреміз.

«Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторы ретінде бас басылымның мазмұнын байыттып, елдік мәселелерді көтеруге күш салды.

«Qyzylorda» телеарнасының басшысы болған жылдары шығармашылық ұжымға жаңа серпін берді. Оның жетекшілігімен телеарна мазмұндық тұрғыдан жаңарып, Сыр өңірінің тыныс-тіршілігін, мәдениеті мен руханиятын кеңінен насихаттайтын беделді ақпараттық алаңға айналды. Әр жылдардағы өзге басылымдар мен ғылыми бағытқа қалам тербеген түрлі тақырыптары көпті сүйсінтті.

Жас қаламгерлер мен журналистердің кәсіби тұрғыдан шыңдалуына, шығармашылық ұжымның өсуіне әрдайым жан-

жақты қолдау көрсетіп, өз мектебін қалыптастырды.

Амантай Шәріптің ғылым салтанаты мен ақпарат майданындағы еселі еңбегі – бүгінгі таңда мемлекет тарапынан ерекше қадірленіп, жоғары бағаланып отыр. Ұлттық құндылықтарды ту еткен қайраткердің бұл марапаты – ұзақ жылғы тынымсыз ізденісі мен ел игілігі жолындағы адал қызметінің заңды нәтижесі.

Алаш руханиятының жоғын жоқтап, барын ұлықтап жүрген жерлесімізді жоғары марапатымен шын жүректен құттықтаймыз!

Деніне саулық, отбасына амандық, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық ізденістеріне толағай табыстар тілейміз!

«ҚАЗАЛЫ» ақпарат

БАҚ БЕДЕЛІН БИІК ЕТКЕНДЕР

Журналистің әр дүниесі сүзгіден жақсылап өтеді. Оң ба? Бағыты дұрыс па, бұрыс па? Әр жазылған сөз, әрбір терілген әріп ойланып басылатын қадам. Халық алдында жүрген тілшінің барлығы да сынның тезінде, объективтің көзінде тұрғандар. Жазған, айтқан әрбір сөз қалтарысыз, бүкпесіз, бұрмалаусыз жарияланады. Газеттің беделін көтеретін де ең үлкен фактор осы.



Газет – халық пен билік арасындағы дәнекер. Шыққаны бір күндік, алайда айтары жүз жылдық, тәлімі мың жылдық. Қоғам дертін тамыршыдай дөп басқан қазақ басылымдары әлі күнге дейін өз миссиясынан тайған емес. «Журналистің арқалағаны алтын, жегені жантақ». Бөрінен бірдей алғыс ала бермесек тың дүние жазуға, халық пен биліктің ортасындағы алтын көпір болуға еңбектеніп келеміз. Өйткені баспасөздің тезіне түскен, көптің сынынан өткен, халық мәселесімен біте қайнаскан тілші түбі ұтылмайды. Баспасөз халықтың үні болса, біз – халықтың қызметшісіміз. Ақпарат айдынында қойын дәптері мен фотоаппаратын арқалап, тілшілік тіршіліктің қазанында қайнаған журналистер қауымы кеше құрметке боленді.

«Өнер орталығында» 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған «Қанатты қалам – 2026» салтанатты шарасы өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен сала ардагерлері қатысты. Аймақ басшысы журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, өңірдегі бастамалар мен жаңашылдықтарды халыққа

шынайы жеткізудегі еңбектерін жоғары бағалады. Бүгін – мерзімді басылымдар мен телеарналарда, ақпараттық агенттіктер мен сайттарда қызмет істейтін шығармашылық өкілдерінің, журналист жасаған сюжет пен жазған мақаланың жарыққа шығуына еңбек сіңіретін мамандардың мерейлі күні. Мереке қарсаңында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. «Qyzylorda» телеарнасының ардагері Қарабала

мен тәуелсіздік жылдарында шыққан газеттер – аймақтың сыр-шежіре сандығы. Облыстың тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени-рухани жаңғыруының айқын дереккөзі. Биыл аймағмыздың жетекші арнасы – «Qyzylorda» телеарнасы 35 жылдық мерейтойын атап өтті. Телеарна өңіріміздегі оқиғалар мен ақпараттарды жылдам таратып, ел өміріндегі саяси маңызды жаңалықтардың жарышысы болып келеді. Отыз жылға жуық көрермен көзайымына айналған «Қоғам ТВ» телеарнасының да ақпараттық саясаттағы орны ерекше. Аймақ телевизиясының бүгінгі биігі – өткен мен бүгінді жалғаған ардагерлер еңбегінің жемісі. Ақпарат айдынында өз қолтаңбасын қалдырған майталман мамандардың табандылығы мен қажырлы еңбегі тележурналистика тарихында лайықты ізін қалдырды. Бүгінде тағалымды жолдан өтіп, ұстаздарының өнегесін жалғаған мамандар елімізге белгілі ірі медиахолдингтерде, телеарналарда еңбек етіп, Сыр журналистикасы мектебінің мерейін үстем етуде. Тәуелсіздік шежіресін, Сыр өңірінің жылнамасын, қалыптастырудағы қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге алғысымды білдіремін! – деді Мұрат Нәлқожаұлы. Кеше Ақорда төрінде өткен рәсімде Мемлекет басшысы

журналистерді қолдауға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілетінін айтқан еді. Кейінгі үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болса, енді бұл бастаманың ауқымы кеңейді. Президент тапсырмасымен биыл алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін ақпарат саласының 66 қызметкеріне пәтер кілті берілді. Біздің аймақта «Сыр медиа» серіктестігі директорының орынбасары Әзиз Батырбековке және «Qyzylorda» телеарнасының телеоператоры Рамазан Жүсіпбекке пәтер кілті табыстады. Салтанатты рәсімде ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан қалам иелері «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің «Еңбек ардагері», «Ақпарат саласының үздігі» төбелгілерімен, Құрмет грамотасымен, Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасарының, Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрінің, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен, Құрмет грамотасымен және түрлі номинациялармен марапатталды.

4-бетте



«КІТАП КЕРУЕНІ» ҚАЗАЛЫҒА ТАБАН ТІРЕДІ

Бүгінгі таңда әлемдік қоғамдастықта елдің бәсекеге қабілеттілігі тек табиғи ресурстармен немесе экономикалық көрсеткіштермен емес, адами капиталдың сапасымен, яғни халықтың интеллектуалдық деңгейімен өлшенеді. Ал зерделі ұлт қалыптастырудың, интеллектіні дамытудың ең басты құралы – кітап екені даусыз. Осы орайда, Қазақстанда соңғы жылдары мемлекеттік деңгейде кітап оқу саясаты мен баспа ісін дамытуға ерекше серпін беріліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы бұл бағыттағы жұмыстарға жаңа серпіліс екелді.

3-бетте



АУДАН ӘКІМІНЕ «ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ» ТӨСБЕЛГІСІ ТАБЫСТАЛДЫ

Жақында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиында мемлекеттік қызметті жаңғыртуға бағытталған реформалар, биылғы I шілдеден бастап күшіне енетін «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заңның негізгі бағыттары, сондай-ақ Президенттік жастар кадрлық резервінің мемлекеттік басқару саласына білікті жастарды тартудағы маңызды ролі атап өтілді.

Салтанатты шара барысында бірқатар қызметкерлер мен сала ардагерлері Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Премьер-Министрдің бірінші орынбасарының Алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісімен, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Жиында аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлы Қазалы ауданының әкімі Алмасбек Есмахановқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісін табыстады.

Бұл марапат – аймақ басшысының ауданымызда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға берілген жоғары бағасы және қолдауы мен сенімінің айқын көрінісі.

«ҚАЗАЛЫ» ақпарат



МЕРЕЙ МЕН МӘРТЕБЕ

Жақында ауданда Мемлекеттік қызметші күні мен Полиция күні кәсіби мерекелеріне орай салтанатты шара өтті. Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Баршанаңызды Мемлекеттік қызметшілер және Полиция күні кәсіби мерекелерінен шың жүректен құттықтаймын! Мемлекеттік қызмет – елдің сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асыру. Өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің тәуелсіз, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына мемлекеттік қызметкерлердің қосқан үлесі зор. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мемлекеттік қызметшілер – Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші» деген болатын. Әрбір мемлекеттік қызметшінің бойындағы кәсібилік, адалдық сынды қасиеттер еліміздің өркендеуінің негізіне айналады. Қоғам дамуының басты мұраты – елдің тыныштығы екені белгілі. Бұл орайда, қызметтері жоғары кәсіптілікті және

асқан жауапкершілікті талап ететін әрі өмірлері қауіпке толы полиция қызметкерлерінің де еңбегі ерен. Күні кеше ғана облыс орталығында аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен Полиция күніне орай өткен салтанатты шарада өңіріміздің полиция қызметкерлеріне 94 арнайы кәсіптік автокөліктің кілтін табысталса, оның ішінде 7 кәсіптік автокөлік Қазалы аудандық полиция бөліміне берілуде. Сала қызметкерлерінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шаралардың нәтижесінде ауданымызда қылмыс деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Мәселен, биыл өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда аудан бойынша қылмыстылық деңгейі 50-ден 40-қа, яғни 10 пайызға төмендеген. Жауапты міндет

жүктелген мамандықтарды меңгеріп, қазыналы Қазалы жерінің көркеюі мен қоғам тыныштығы жолында талмай еңбек етіп жатқан қос саланың қызметкерлеріне шыннайы алғысымды білдіремін. Президентіміздің Әділетті, Таза, Заң мен тәртіп салтанат құрған Қауіпсіз әрі Қуатты Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамалары мен тапсырмаларын орындаудағы жауапты қызметтеріңізге сәттілік тілеймін, – деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Салтанатты жиында қазыналы Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамның тыныштығы жолында аянбай кызмет етіп жүрген бірқатар сала үздіктері ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтың, облыс әкімі мен аудан әкімінің, облыстық мәслихат төрағасының және

Мемлекеттік қызмет істері мен облыстық полиция департаменттері басшыларының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік жиын мұнан әрі аудан өнерпаздары мен мемлекеттік қызметшілердің және аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кетейік, бүгінде Қазалы ауданында 163 мемлекеттік қызметкер болса, оның ішінде 127-сі ер қызметкерлер, 36-сы әйел азаматтар. Ал ауданымызда 35 жасқа дейінгі 31 жас мемлекеттік қызметші өмір дамуы жолында еңбек етуде. Ал ауданымызда 100-ден астам полиция қызметкері қоғам тыныштығын сақтау жолында абыройлы кызмет етіп келеді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі

Бәрежелді!

«IQANAT» АЛҒЫРЛАРДЫ АНЫҚТАДЫ



IQANAT – Қазақстандағы ауыл мектептері оқушыларына арналған ірі білім беру жобасы және республикалық олимпиада. Ауыл балаларына сапалы білім алуға, қабілеттерін дамытуға және үздік оқу орындарына түсуге мүмкіндік тудыратын жоба аясында оқушылар арасында республикалық олимпиада өткізілуі 8 жылдан бері дәстүрге айналып келеді.

Аталмыш республикалық олимпиадада Қызылорда облысының оқушылары жоғары нәтиже көрсетті. Қатарында қазалылық шәкірттер де бар.

18–24 маусым аралығында Алматы қаласында ауыл мектептері оқушыларына арналған ең беделді білім бәйгелерінің бірі – IQANAT республикалық олимпиадасының финалдық кезеңі өтті. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен дарынды оқушылар қатысып, өз білімдері мен қабілеттерін сыңға салды.

Қызылорда облысының финалдық кезеңге 79 оқушы жолдама алды, олардың 9-ы IQANAT High School of Buzabau мектебінде тегін білім алу грантын жеңіп алды. Сонымен қатар тағы 9 оқушы жартылай грант иегері атанып, үш жылдық постолимпиадалық

қолдау бағдарламасына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Қазалы ауданы, №266 мектеп-лицей оқушысы Афрасиаб Берібай, Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназиясының оқушысы Дана Ерболат, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар табылып, грант иегерлері атанды.

Б.Алтынсари атындағы №204 орта мектеп оқушысы Нұрасыл Мыңбосын, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектеп оқушысы Нұрадін Нұртай жартылай грант иегері атанды. Бұл жетістік – оқушылардың табанды еңбегі мен ұстаздарының кәсіби қолдауының нәтижесі.

IQANAT олимпиадасындағы жоғары көрсеткіш Қызылорда облысында білім сапасының артып келе жатқанын және ауыл балаларының үлкен мүмкіндік-

терге ие екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ауыл мектептері оқушыларының білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған республикалық білім беру қорының жобасы аясында олимпиада жеңімпаздары мен үздік қатысушыларына гранттар, білім беру бағдарламалары және ұзақ мерзімді академиялық қолдау ұсынылады.

Олар бірнеше жыл бойы тегін білім беру бағдарламаларына, ағылшын тілі курстарына, кәсіптік бағдарлау және көшбасшылық тренингтеріне қатыса алады.

Ұлттық бірінғай тәстелуге және шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындық қолдауы көрсетіледі.

Алтын ӘДІЛХАНҚЫЗЫ

Бағдарлама баяны

КӘСІПКЕРГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ

«Ауыл аманаты» бағдарламасы – ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған мемлекеттік жоба. Бағдарлама ауылдық елді мекендердегі халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейді және өз кәсібін бастағысы келетін немесе бар кәсібін кеңейтуді жоспарлаған азаматтарға жеңілдетілген несие алуға мүмкіндік береді.



Жобаның негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігін арттыру, жұмыссыздық деңгейін төмендету және ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікті дамыту. Осы арқылы ауылдық жерлердегі халықтың тұрақты табыс көзін қалыптастыруға жағдай жасалады.

Бағдарлама аясында қатысушыларға төмен пайыздық мөлшерлеменен несие беріледі. Алынған қаржыға мал шаруашылығын, егін шаруашылығын, құс өсіруді, жылжымай кәсібін, наубайхана, тігін шехы, қызмет көрсету саласы және басқа да кәсіп түрлерін дамытуға болады. Сонымен қатар кооперативтер құруға және ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға мүмкіндік қарастырылған.

«Ауыл аманатының» тағы бір ерекшелігі – қаржылай қолдау көрсетумен шектелмей, кәсіпкерлік негіздерін үйрету, жобаларды сүйемелдеу және кенес беру жұмыстарының жүргізілуі. Бұл ауыл тұрғындарының өз кәсібін тиімді ұйымдастырып, табысты жүргізуіне көмектеседі.

Қазір бағдарлама көптеген ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына жол ашып, жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етуде. Нәтижесінде ауыл экономикасы дамып, тұрғындардың өмір сүру сапасы жақсарып келеді. Мемлекет ұсынған қолдау шарасы ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп, еңбекқор азаматтардың өз ісін өркендетуіне кең мүмкіндік жасауда.

Осылайша мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты»

бағдарламасы ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына және өз кәсібін дамытуына үлкен қолдау көрсетіп келеді. Бағдарламаның игілігін көріп отырғандардың бірі – кәсіпкер Еркінгүл Бейсова.

Еркінгүл Телесбайқызы аталған бағдарлама аясында 4 миллион 300 мың теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, наубайхана ісін қолға алған. Алынған қаржыға бір мезетте 42 көмеш нан пісіруге мүмкіндік беретін заманауи пеш пен қажетті құрал-жабдықтарды сатып алып, кәсібін жолға қойған.

Бүгінде ол ауыл тұрғындарына сапалы әрі дәмді нан өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, түрлі жартылай дайын өнімді де әзірлеп, халықтың сұранысын қанағаттандыруда.

Кәсіпкердің бір күні таңғы сағат 5:00-де басталады. Өнімдерінің балғын әрі уақытылы тұтынушыға жетуі үшін күн сайын ерте тұрып, жұмысқа кіріседі. Қазіргі таңда ол тәулігіне орта есеппен 100 дана нан пісіріп, тұрғындарға жеткізеді.

Сонымен қатар тапсырысқа қарай 10 келіге дейін тұшпара әзірлейді. Бұдан бөлек күн сайын 20-25 дана, кейде сұранысқа байланысты 50 данаға дейін бұлочка пісіріп, тұтынушылардың тапсырысын уақытылы орындап жүр.

Еркінгүлдің кәсібі тек нан өнімдерімен ғана шектелмейді. Ол арнайы жабдықталған бөлмеде самса, блинчик, пицца және басқа да тағам түрлерін дайындап, ауыл тұрғындарының дастарханына дәмді әрі сапалы өнім ұсынууда. Барлық өнімдер санитарлық талаптарға

сай дайындалып, табиғи әрі сапалы шикізаттарды пайдаланудың арқасында тұтынушылардың көңілінен шығып келеді.

Еңбектің нәтижесі де жоқ емес. Кәсіпкердің бүгінде тұрақты тұтынушылары қалыптасқан. Өнімдерінің дәмділігі мен сапасына риза болған тұрғындар күнделікті тапсырыс беріп, оның кәсібінің өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Ауыл тұрғындарының сеніміне ие болған кәсіпкер алдағы уақытта кәсібін одан әрі кеңейтіп, өндіріс көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ бір адамды тұрақты жұмыспен қамтып, ауылдағы жұмыссыздықты азайтуға үлес қосуды көздейді.

«Кәсіп бастауға көптен бері ниеттеніп жүрдім. Алайда қажетті қаражаттың болмауы қолбайлау болатын. «Ауыл аманаты» бағдарламасы осы арманымды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Қазір өз кәсібім бар, халыққа қызмет көрсетіп отырымын. Болашақта өнім түрлерін көбейтіп, кәсібімді кеңейткім келеді», – дейді кәсіпкер.

Бүгінде ауылда отырып-ақ табысты кәсіп жүргізуге болатынын дәлелдеген Еркінгүл Бейсова мемлекет ұсынған мүмкіндікті тиімді пайдаланып, адал еңбегімен кәсібін өркендетіп келеді.

«Әрекетке – берекет» деген нақылдың шыннайы көрінісі осындай болса керек. Оның табандылығы мен еңбексүйгіштігі ауыл кәсіпкерлеріне үлгі болып, жаңа бастамаларға жігер береді.

Айнур ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

Мерей

ӨМІРІ - ӨНЕГЕ, МҰРАТЫ - АСЫЛ

Бүкіл саналы ғұмырын өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған шығармашыл ұстаз, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, көкірегі шежіреге толы Қадірбек Бекетовтің кейінгілер ғибрат алатын өнегелі үлгісі мол.

Қазалы ауданының білім саласында ұзақ жылдар бойы қызмет жасаған кездері талай жақсылар мен жайсаңдармен қызметтес болды. Өзімізден үлкен аға буының ақыл-кеңестерінен тағылым алдық, қатар әріптестерімізбен білім саласындағы небір күрмеуі қиын мәселелер жөнінде тәжірибе алмастық. Қолдан келгенше, өзімізден кейінгілерге жөн көрсетуді азаматтық парызымыз деп санадық.

Мұғалімдік қызметті қатар бастаған Қадірбектің де өмір деректеріне көз жіберсек балалық шағы жеңіл болды деуге келмейді. Қарт майдангер Бекет ақсақалдың тұңғышы Қадірбек соғыстан кейінгі қиын кездерде әкесіне көмекші болып, өз отбасындағы қиындықтарды бір кісідей ақ жеңуге көмектесті.

Ол табиғатынан қарапайым, қонақшы Бекет ақсақалдың отбасында талай өмір көрген үлкендердің өткен тарихымыз, батырлар мен дана билер жайлы әңгімелерін оларға үйде қызмет жасап жүріп көкірегіне түйіп өсті, кейін батыр, билер жайлы кітаптарды жата жастана оқыды.

Оның тынымсыз ізденісін, терен білімін, үдіріссіз өсу жолында болды. Жаратылысынан қарапайымдылық пен ізгілік мұрат тұтқан ауылы да ардақты ұстаз Қадірбек Бекеттің азаматтық тұлғасына көпшілік құрметпен қарайды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін қасиетінің арқасында өз шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, ата-аналар мен көпшіліктің құрметіне бөленді. Республикадағы өз әріптестеріне кеңінен танымал ұстаз атанды.

Шығыстың Ұлы ойшылы Рудани: «Өмір теңіз, жүзем онда демейсің, ізгіліктен жасалмаса кемейсің», – деп айтқандай, ол өз өмірінде арманына жеткен шын мағынасындағы ұстаз болды.

Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған Қадірбектің алдында бір ғана таңдау тұрды. Ол белгілі бір мамандық алып, отбасы ауырталығын әкесімен бірге көтеруді. Осындай арман оны Қазалы станциясындағы теміржолшылар училищесіне алып келді. Училищенің тепловоз жөндеуші мамандығын алып шығып, еңбекке араласты.

Көпес Армиясы қатарында өзінің азаматтық борышын ойдағыдай атқарып, келген соң жұмысын жалғастырды.

Алай бала кезден халқымыздың өткен тарихына, ұлттымыздың азаттық жолында күрескен батырлардың ерлігіне, дана билер мен айтулы шешендердің өнеріне деген қызығушылығы оны Қазақтың мемлекеттік университетінің тарих факультетіне алып келді. Университетті сырттай оқи жүріп, аудандағы арнайы комиссияның алдында өзінің тарихтан білімінің жақсы екендігін дәлелдеп, 1972 жылы Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепке тарих пәнінің мұғалімі болып орналасып, бала кездегі арманы орындалды.

Шәкірттерін оқуға деген қызығушылығын арттыратын сан түрлі тиімді әдістерді, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тәрбиелі шараларды ұйымдастыра отырып, талай белестерді бағындырды. Өзі де абыройлы болды. Ұжымның да мерейін үстем ете білді. Осындай шығармашыл ұстаз кезінде білім саласы басшылығының көзіне түсіп, қызмет бабында біраз лауазымды жұмыстарды да абыроймен атқарды.

Атап айтқанда Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп директорының орынбасары, екі рет Лақалы сегізжылдық мектептің директоры, Тасоткел, Ойынды бастауыш мектептерінің менерушісі болып, ұжымдағы жас ұстаздарды шығармашылыққа баулады. Ұжым мүшелерінің ынтымағы мен бірлігін сақтауға ерекше мән берді. Нәтижесінде ол басқарған қарапайым ауыл мектебінің мұғалімдері аудандық, облыстық сайыстарда жүлдегерлер қатарынан көріне бастады. Үнемі шығармашылық ізденісте жүретіндігінің дәлелі ретінде тәжірибесінен қорытып жасаған педагогикалық тақырыптағы авторлық баяндамалары бірнеше рет аудандық, облыстық педагогикалық оқуларда жемініз деп танылды. Облыстан келген мұғалімдерге Жаңақорған, Теренөзек кенттерінде арнайы практикалық сабақтар көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті.

Қадекен, 2002 жылы «Шағын комплекстілі мектептер» мұғалімдерінің Өскемен қаласында өткен Республикалық конференциясына қатысып, үлкен абыройға бөленді. Аталмыш маңызды жиында жасаған баяндамасының құндылығына профессор Н.Нұрахметов өте жоғары баға беріп, оның тәжірибесін республика мектептеріне таратуға шешім қабылдайды. 100-ден аса кітапша етіп басылып, әдістемесі дереу таратылады.

Баяндаманың мазмұны аз комплекстілі мектептерде бірнеше сынып оқушыларын бірге оқытқанда, сабақ уақытын үнемдеп, ұқсас тақырыптарды бірге өткізудің тиімділігін көрсетіп берді. Бұл үлкен жаңалық деп танылды.

Сондай-ақ ол өзінің ұстаздық қызметіндегі тәжірибелерін қорыта отырып, республика көлеміндегі әріптестерімен әдіс алмасып отыру мақсатында «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан мектебі», «Бастауыш мектеп» газет журналдарына үзбей мақала жариялап тұрады.

Шығармашы ұстаздың ізденімпаздығы мен байқамаздығының бір қыры – шығып жатқан оқулықтарға сыни көзбен қарайтындығы. Көп мұғалімдер мән беріп аңғара бермейтін кітаптардағы қателерді тауып, басып, оқулық авторларына өз ұсынысын айтып отырды. Кезінде 1-сыныпқа арналған «Өліппенің» 87-бетінде 3 дыбысын өтерде оқушыға ой салуға берілген сурет зығыр ма? Жоқ жалбыз ба? Оқушы түгілі мұғалім де ажырата алмайды. Оны тек өсімдіктану оқулығынан қарап қана тану мүмкін болады. Немесе 1 дыбысын өтерде оқушыларға берілген: «Ана тілін білмеген, Атасын да сыйлама» деген өлең жолдарындағы Г дыбысы оқушыларға таным емес болғандықтан, әлі өтпеген, әріпті оқушыларға қабылдау қиындық туғызатындығын дәйекті дәлелмен жеткізіп, нәтижесінде шалғайдағы ауылда жұмыс істейтін Қадірбек тапқан оқулықтағы қателерден кейін бағдарлама жөнделгені бірі білес, бірі білмейді.

Қадірбектің басқа ұстаздардан ұқсаметін тағы бір қыры өзінің жан-жақты білімінің, дүние танымының кеңдігінің арқасында, мерзімді тарихи оқиғаларға байланысты ғылыми тәжірибелік жиындар мен сайыстарға белсенді қатысуы еді.

Сөзімізге төмендегі дәлелдер жеткілікті.

*«Құрметті Қадірбек Бекет мырза!
Л.Н.Гумилев атындағы Еурасия ұлттық университеті сізді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әліхан Бөкейхановтың 145 жылдығына арналған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты ғылыми-практикалық конференция аясында ЕҰУ, «Нұр Отан» ХДП, «Азаматтық радиосы» және «Қазақ радиосының» бірлестіріп өткізілген радиовикторинада жеңімпаз атауының қызығын құттықтайды!»*

Қазақ елінің тарихын, Алаш ұлыларының еңбегін бағалай білетін азамат ретінде елдік және отанылық істеріңізді жадастыра беріңіз!»

Мәғаналы әуым кешің, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиеші беріңіз!

Ректор Ерлан Сыдықов».

Ол қашан да жастардың тарихи танымдық қабілеттерін дамытуға көздейтін іс-шараларға белсене қатысып, үлгі болудан бір де тартынған емес. «Қазақстан телерадиосының «Таншолпан» бағдарламасында көрермендердің интеллектуалдық танымдық қабілетін дамытуға көздейтін сұрақтарға түшымды жауаптар беріп, желістерінің мерейін өсіргендігіне талай куә болдық. «Бағдарламаның бүгінгі берілетін сұрағына Қадірбек ағай қалай жауап береді екен?» деп көрермендердің экран алдында тағатсыздана күтетін жағдайларына да жиі куә болдық. Сондай-ақ «Қазалыдан Қадірбек ағайың той» деп сұраққа нақты жауап бергенде біздер де бір марқайып қалатынбыз.

Жаратылысынан қарапайым, Қадекен асып тасуды білмейтін сырғаз қалпынан таймайды. Тіпті «Таңшолпанның» кезекті



сұрағына өте дұрыс жауап беріп, Дубай қаласына жолдана ұтып алғанда да оның асып тасқанын көрген жоқпыз.

Ардагер-ұстаздың республиканың қоғамдық мәдени өміріне белсене қатысқан еңбегін, ұлағатты ұстаз, отбасына қадірменді ата ретіндегі өнегесін арнайы телерадио қызметкерлері келіп түсіріп, Республикалық теледидардан көрермендерге көрсетті.

Қ.Бекет ауданның мәдени көпшілік жұмыстарынан тыс қалмайды. Әсіресе, Қазалы аудандық «Білім саласы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің жұмысына белсене қатысып, атқарған жұмыстары көпшілік көңілінен шығып жүр.

Руханият орталығындағы орталықтанған кітапханада өткізілетін кітап оқушылар конференциялары мен пікір-сайыстарында ой бөлісіп отырады. Өзінің білген, түйгендерін баспасөз беттерінде жариялап тұрады. Әсіресе жастарды имандылыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілетін аудандық, облыстық сайыстарға қатысып жас ұрпаққа бата беру, бұрынғы өткен бабаларымыздың шешендік сөздерін айтудан жүдделі орындар немеленіп, ауданымыздың абыройын асырып жүр.

Өмір бойы оқыған тоқығанын, сондай-ақ көбіне қариялардан естіген білгендерін ой елегінен өткізіп, «Басықара батыр, әрі би» атты кітабын шығарды. Атақты бабалары Жалаңтөстің ерліктері, Әйтеке бидің, оның баласы Өтебастың тапқырлықтары мен шешендіктері, Байзақ батырдың ерліктері жөйлі жинақтап жүрген дүниелері бір төбе.

Сан қырлы еңбегімен танылып, ел құрметіне бөленіп, «Қазалының Қадірбегі» атанған ұлағатты ұстаздың еңбегі лайықты бағаланды да.

Ол Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Құрмет грамотасына, облыс әкімінің алғыс хаты, «Ардагер ұйымына – 80 жыл» төсбелгісі, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісін алып, аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақ радиосының қоғамдық негіздегі тілшісі.

Қадірбек отбасының бақытын көріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған немере, шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты ата. Балаларының үлкені Бақыткүл – №276 орта мектепте қызметкер, Әділбек – Қоктал бекетінде жоғары білімді темір жол саласының инженері, Сапарбек – Орал қаласында жоғары білімді теміржолшы, Әуезбек – Қандағаш станциясында білікті диспетчер. Баян – Алматы қаласында орта мектепте мұғалім болып абыройлы қызмет атқаруда.

Өмірлік жары Жамғаның өмірден озғаны болмаса, бәрі өсіп-әнуде.

Бүгінгі күні 80 жастың биігіне абыроймен шығып отырған ұлағатты ұстаз Қ.Бекетке елі де теңін сау болып, ауданымыздың қоғамдық мәдени өміріне белсене араласып, ұрпағымыздың қызығын ұзағынан көре беріңіз деп тілейміз!

Серік ҚУАНЫШБАЙ,

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы

Оқитын ұлт



«КІТАП КЕРУЕНІ» ҚАЗАЛЫҒА ТАБАН ТІРЕДІ

Басы 1-бетте

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған «Кітап керуені» мәдени-ағартушылық акциясы осы мемлекеттік саясаттың аймақтағы жарқын көрінісіне айналды. Сыр өңірінің бірнеше елді мекендерін аралап, оқырман қауыммен мазмұнды кездесулер өткізіп келе жатқан рухани көш Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында, Қармақшы ауданының Дүр Онғар ауылында және Арал ауданының Қамыстыбас ауылында болып, бұл жолы батырлар мекені – қасиетті Қазалы жеріндегі Үрмш Түктібаев ауылына табан тіреді.

Керуеннің құрметті қонақтарына қарсы алу рәсімі өнегелі дәстүрге сай, ауылдан шыққан батыр тұлғалар мен ел мақтаныстарының рухына тағзым етуден басталды. Кеңес Одағының Батыры Үрмш Түктібаев, ел ардақтылары Әбдіразақ Қаналиев, Байжігіт Әбдіразақ және композитор Батырхан Нұрмұбетовтің атынан дайындалған тағылымды монолтоғр оқылып, олардың ерлік жолы мен өнегелі ғұмыры көркем сөз арқылы қайта жаңғырды.

«Өздердің сәлемі» әнімен өрленген қарсы алу рәсімінен соң, аспанға «Кітап керуені» эмблемасы бар 50 әуе шары ұшырылып, мәдениет мерекесінің шымылдығы ресми түрде ашылды.

Шараның салтанатты бөлімінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Сапар Көзейбаев, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Абай Дидаров, Алға ауылдық округінің әкімі Алмас Бегалиев және Қазалы ауданы әкімінің орынбасары құттықтау сөз сөйлеп, бұл шараның ауыл тұрғындары мен өскелең ұрпақтың рухани дамуына қосар үлесі зор екенін атап өтті.

«Оқитын ұлт» жобасы – саясат пен инфрақұрылымдық өзгеріс алғышарты.

Бұл күні сөйлеушілер мен зиялы қауым өкілдері атап өткендей, Президент Ұлттық құрылтай отырыстарында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мәселесін бірнеше рет басты назарға шығарған болатын. Бүгінде елде қабылданған «Оқитын ұлт» тұжырымдамасы аясында ауқымды реформалар күзетіле асырылуда.

Бұл жүйелі саясат жетекшісі бағыттарды қамтиды. Алғашқысы – кітапханаларды жаңғырту. Ескі үлгідегі кітапханалар қазір заманауи коворкинг орталықтарына, зияткерлік пікірталас алаңдарына айналуда. Әсіресе, ауылдық жерлердегі кітапханалардың материалдық-техникалық базасын жаңарту қолға алынған.

Мәдениетті сана мен инфрақұрылым: Әлемдік бестселлерлер қазақ тіліне жедел аударылып, балалар әдебиетіне басымдық беріледі. Сонымен қатар, Ұлттық электрондық кітапхана қоры, Кітап, Кітапал сияқты отандық платформалар арқылы цифрлық оқырмандардың да сұранысы қанағаттандырылып келеді.

Ү.Түктібаев ауылында өткен «Кітап керуені» аясында да көпшілікке қазақ және әлем әдебиетінің үздік

туындылары, балалар әдебиеті, тарихи-танымдық шығармалар мен сирек кездесетін кітаптар көрмесі ұсынылды. Ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары бұл көрмені ерекше ықыласпен тамашалады.

**ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ,
ОҚЫРМАНДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ**

Шара барысында кітап оқуды насихаттауға, оқу мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар кітапхана мамандары Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында Әйтеке би кенті, Басықара, Тасарық ауылдық кітапханаларының кітапханашысы Гүлжамал Тоқмырзаева, Жанат Жүсіпова, Эльмира Жолтаева бар.

Сондай-ақ кітапханамен тығыз байланыс орнатып, рухани қазынаны серік еткен ауыл тұрғындарына арнайы номинациялар мен қаржылай сертификаттар табысталды.

Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлбарам Жауғашарова «Үздік оқырман» атанса, аудандық Отбасын қолдау орталығының қызметкері Қайыржан Тілеуқабыл «Ең белсенді оқырман» деп танылды.

№16 мектеп-лицейдің қызметкері Нұрғазы Смағанбетов «Кітап жанашыры», Лақалы ауылы, №93 орта мектептің 9-сынып оқушысы Жаншұақ Сағитжан «Үздік жас оқырман», Ардагер ұстаздар әулеті – Байменовтер отбасы «Үздік оқырман отбасы» бағамына ие болып, ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Фестиваль аясында ақын-жазушылармен кездесу кеші, кітап талқылаулары мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Мәдениет саласының ардагері Болат Жолтаев кітаптың адам өміріндегі мәні туралы келісті ой қозғап, ризашылығын білдірсе, ақын, ұстаз Сағыншы Мұхитқызы мен Гүлбарам Жауғашарова өз шығармашылықтарынан өлеңдер оқып, кештің көрігін қыздырды.

Кітап оқу саясаты сәтті жүзеге асып жатқанымен, алда әлі де шешімін күткен мәселелер бар. Алдағы уақытта ауылдық жерлердегі кітап дүкендерінің тапшылығын жою, отандық авторлардың таламақа жүйесін жетілдіру және әлеуметтік желілердің бәсекелестігі жағдайында балалар назарын кітапқа аударудың жана әдістерін табу – басты міндет болып қалмақ.

«Егіздер ауылы» аталатын, өзіндік өнегелі дәстүрі бар бұл берекелі мекенде өткен «Кітап керуені» ауыл оқырмандары үшін ұмытылмас, әсерлі кездесу болды. Өйткені кітап оқу – уақыт өткізудің ермегі емес, ұлттың интеллектуалдық қауіпсіздігін кепілді. Бұл іс тек мемлекеттің емес, әрбір отбасының жауапкершілігі болғанды ғана ұлт келешегі кемел болмақ.

Алтын ҚОСБАРМАҚОВА

УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН «ҚАЗАЛЫ»

«Қазалы» газеті – ауқымы кең, тамыры терең, мазмұны бай басылымдардың бірі. Ол өзінің эстетикалық талғамы, заманауи бездендірілу және тартамыздылығымен қалып жұртшылықты баурап келеді.

Журналистика – асқан жауапкершілікті, үлкен жүректілікті қажет ететін мамандық. Өйткені бұл сала «жүрдім-бардым» жұмыс істеуді көтермейді, үздіксіз ізденісті талап етеді. Менің өзім де жарты газырдан астам уақыт бойы аудандық газетке қалам тербеп, осы саланың ыстық-суығын бірге кештім.

Жасыратыны жоқ, өткен газырда біз ескі жүйе мен қалыптасқан идеология аясында ақпараттандырдық. Ал кәзіргі дәуір мүлдем бөлек. Бүгінде бәрі ғаламтор арқылы, жана технологиялардың көмегімен жедел іске асырылады. Газет беті де заман ағымына сай құбылып, өмірге жаңадан келген шағын және орта бизнес, қасікерлік, сондай-ақ туған тарихымызды зерттеу сияқты бұрын-соңды болмаған тың тақырыптармен толығып келеді.

Қаламы қарымды тілшілер – газеттің драйвері.

Бұл ретте басылымның белді тілшілері – Алтын Қосбармақова, Ұлболсын Таланбаева және Айнұр Қазмағамбетова, Арайлым Жүсіпова, Айнұр Әлілердің жазаған мақалалары бірінен-бірі өтеді. Оқырманды баурап алады деуге толық негіз бар. Сонымен қатар, ел ауыл өмірінің тынысын деп бастатын Кемал Көпжасар, Құдайберген Есекейі, Жеткербай Махамбетов, Айнұр Әлімбаеваның да тұшымды дүниелерін ерекше атап өткім келеді. Осындай авторларларды газет жұмысына жиірек тартып, жазып тұрса, басылымның денгейі бұдан да биіктей түсері анық.

Кейінгі кезде газет тек аудан тынысымен шектелмей, әлемде болып жатқан гажайып құбылыстар мен жаңалықтарды да қалың оқырман қауымына дер кезінде ұсынып отыратын болды. Бұл – үлкен ізденістің жемісі.

Баршамызға белгілі, қазір адамдар әлеуметтік желіні жақсы пайдаланады. Соның салдарынан газет-журнал, әдеби кітап оқу дегенді ұмытып бара жатқандаймыз.

Меніңше, бұл – үлкен қателік. Байырғы мерзімді басылымның орны мен жөні қашанда бөлек. Сонау қиын-қыстау заманда қараңғы халықтың көзін ашып, санасын ояту үшін жанқиярлықпен газет шығарған Алаш азаматтарының еңбегін қалай ұмытуға болады?

Біз шалғайдағы «Тасарық» ауылында тұрамыз. Ауылда мен, сосын Өмірбек пен Таланбай деген еңбек ардагерлері – үшеміз үнемі аудандық газетке жазылып, оны жібермей оқып отырамыз. Егер газетіміз пошта арқылы 5-10 күн кешіге қалса, тағатымыз таусылып, іздеп шығатынымыз да бар. Себебі біз үшін аудан айнасының орны ерекше.

«Қазалы» газеті редакциясының барша ұжымын, шығармашылық мүшелерін төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір шыңаракқа амандық, отбасылық бақыт және шығармашылық шабыт тілеймін. Қаламдарыңыз ұшала берсін, ақпарат айдынында еңбектеріңіз жана берсін!

Әнуар ӘБДУРАТ,
Ардагер-ұстаз
Тасарық ауылы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«НұрлыТау ЛТД» ЖШС «Қызылорда облысы, Қазалы ауданында «Карпан-1» учаскесінде құрылыс жұмыстарын барлауға жер қойнауын пайдалану операцияларын жүзеге асыруға арналған геологиялық барлау жұмыстары жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (КОҚБ) жобасы бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаны әзірлеуші: «ОРДА-ЭкоМониторинг» ЖШС, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв. 39, тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Бастамашысы: «НұрлыТау ЛТД» ЖШС, Қызылорда қ., Бәйсейітова көш., 97, тел.: 8 (7242) 26 30 88, e-mail: Nurllytauld@mail.ru, BСH: 070240019013

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкi» сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) танысуға болады.

Барлық ескертудер және/немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкi» сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) 5 жұмыс күні ішінде қабылданады (қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 43-тармағының 4-тармақшасына сөйкес).

Жария талқылауларды өткізу мерзімі:
08.07.2026 ж. бастап 14.07.2026 ж. дейін.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «НұрлыТау ЛТД» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС) к проекту поисково-оценочных (геологоразведочных) работ для осуществления операций по недоразработанности на разведку строительных ресурсов на участке Карпан-1 в Казалинском районе Кызылординской области.

Разработчик проекта: ТОО «ОРДА-ЭкоМониторинг», г. Кызылорда, мкр. Сырдария, д. 20, кв. 39, тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ordaekomonitoring@bk.ru

Инициатор: ТОО «НұрлыТау ЛТД», г. Кызылорда, ул. Байсейитова, 97, тел.: 8 (7242) 26 30 88, e-mail: Nurllytauld@mail.ru, БИН: 070240019013

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (<https://ndbecology.gov.kz>).

</



Дана НҮРЖІГІТ,
Журналист, продюсер, «Дана сөз» авторы:

ЖУРНАЛИСТ – ЖАУАПКЕРШІЛІК ИЕСІ

– Мен материалым шыққанша, жан-жағымды ұмытамын. Үй де, бала да жайына қалады. Өкінішке қарай, солай. Қаншама рет балам қатты ауырып жатқанда, ауруханаға жатқызып барып, дәрігерлерге тапсырып, студияға кетіп қалатын едім. Қаншама жаназа мен туыстардың қуанышында бола алмадым. Материал шықсыншы, «елге жеткізу керек» деп ақы сұрамай-ақ, еңбектендім. Қазір де солай.

Бұл мамандық сонысымен де қызық. Әрине, кәсіпкерлік пен журналистиканы қатар алып жүрген әріптестер бар. Олар материалдық жағынан күнтілгендіктен, мүмкіндіктері де көп. Оны да жоққа шығармау керек. Қаржылай еркін болғандықтан кейіпкерлері де, іссапарлары да биографиялық, географиялық жағынан кеңірек болады. Бірақ бұл теренірек болуы шарт емес. Бәрі журналистің білімі мен кәсібилігіне байланысты. Кейде бар мүмкіндік бола тұра журналистің «біліктілігінің» кесірінен материал шикі, тұшымды болмай шығатыны да бар.

Бұл сала әу бастағы Дананы қатты өзгертті, әрине! Бұл салаға керекті қабілет болған шығар, сірә, бірақ тәжірибе ширатты. Батыл болуды, ақпаратты тез ментеріп, жинақтап қорытуды, сыны ойлауды, маңыздысын тез

аңғарып, сөзден мұлт кетпеуге тырысуды, жауапкершілікті үйретті. Тыңдай білуді үйретті, сөздің парқын, салмағын ұғындырды.

Қоғамды тек саясаткерлер өзгертеді, журналистер өзгертеді деп айтуға келмес. Қоғамды азаматтық позициясы бекем, айтары бар, ақиқат үшін қоғамға үндеу тастап өзгерісті бастайтын көшбасшылар бар. Солар қоғамды өзгертеді. Қоғамды дүр сілкіндірген оқиғалар өзгертеді. Бишімбаевтың ісін алыңыз, ел ауызында «Салтанат заңы» деп қалған заң қалай қабылданды? Еске түсіріңіз! Мен өзім депутаттықтан кеткеннен кейін сталкинг туралы баптың қабылдануына бастамашы болдым. Сондықтан қоғам деген – біз. Әлеуметтік желі арқылы бастама көтеріліп, резонанс тудырып, арты өзгеріс әкелетін шешімдерге ұласып жатқан оқиғаларды көріп жүрміз ғой. Біз пікір мен факт дегеннің айырмашылығын түсінуіміз керек.

Ақпарат айдынында эмоция көп бізде. Субъективті, объективті факторларды салқынқандылықпен сараптау үшін уақыт керек, тыныштық керек. Дәбырада ақиқат тұншығып,

жұтылып кетеді. Сондықтан мен фактіге сүйенетін объективтілік жағындамын.

Мен марапат алған адам ретінде айтсам, марапаттың қуанышы бір ғана сәт. Шын айтамын! Екінші күн-ақ мен кешегідей жұмысқа кірісемін. Журналистиканың қызығы мен шыжығына батамын. Кейіпкерлерімді зерттеймін, кездесулерге барамын, материал дайындаймын, командамен талқылаймын. Сол сәтте «келесі марапат алайын» деп ойлайтын адам болсам, демек ақымақ болғаным ғой. Журналист марапат үшін жұмыс істемейді, сайып келгенде, ешкім үшін емес. Өзі үшін! Оның табиғаты сондай. Ол әлемде болып жатқан құбылыстарға енжар қарай алмайтын, соны қоғамға жеткізуге асық, бірге біліп, бірге зерттеуге, ойлануға, саралауға шақыратын адам болғаны үшін осы мамандықта жүр. Бұл салада амалсыздан жүрген бірде-бір адамды көргенім жоқ.

Мереке құтты болсын, әріптестер!



БАҚ БЕДЕЛІН БИІК ЕТКЕНДЕР

Басы 1-бетте

Оның ішінде аудан әкімінің баспасөз хатшысы Ернұр Мерек ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрғали Нұрғалиевтің алғашқы хатымен марапатталды. Ал әріптесіміз, аудандық «Қазалы» газетінің ақпараттық агенттік тілшісі Арайлым Жүсіповаға «Үздік оқырман таңдауы» номинациясы мен 250 мың теңге қаржылай сыйақы табысталды.

Ал ауданда өтпінді ақпарат айдынында аянбай еңбек етіп жүрген

Бауыржан Жалғасұлы, «Серік ТВ» телеарнасының журналисі Назым Жылқыбайдарқызы облыс әкімінің «Алғашқы хатымен» марапатталды. «Қазалы» газетінің бас редакторы, аудандық мәслихат депутаты Есет Табынбаев пен «Серік ТВ» телеарнасының директоры Сабырхан Есмахановқа Қазалы ауданының «Құрмет грамотасы» табысталды. Сонымен қатар «Қазалы» газетіндегі әріптестеріміз, бас маман Мейрамбек Кеулімбаев, техникалық қызметкер Алмагүл Ахметова, ақпараттық агенттік тілшісі Мирамкүл

БАҚ туралы қазақстандық алғашқы заң шыққан күні 28 маусымға белгіленді. Ол «Баста және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚазКСР Заңы деп аталды. Сол жылдан бастап тілшілер мерекесі маусымның соңы жексенбісінде атап өтіліп келді. 2011 жылдың қазанында Нұрсұлтан Назарбаев елдегі кәсіби және басқа да мерекелер тізімінің жаңа редакциясын мақұлдады. Оған сәйкес, 28 маусым Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып бекітілді. 2019 жылдың 24 маусымында мемлекет



бірқатар қаламгерлер мен сала мамандары аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қабылдауында болды. Аудан басшысы шығармашылық иелерін мерекесем құттықтап, арнайы алғашқы хаттармен марапатталды. Оның ішінде «Тұран-Қазалы» газетінің бас редакторы, еңбек ардагері Раушанбек Науыметұлаұлы, журналистика салысының ардагері Ордабай Аялбергенов, «Тұран-Қазалы» газетінің штаттан тыс тілшісі Гүлшахар Мұратбайқызы, «Қазалы» газетінің тілшісі Айнұр Әлі, «Қазалы» газетінің баспасөз маманы

Шамшаева, көлік жүргізушісі Рауан Ертайұлы аудан әкімінің алғашқы хатымен марапатталды. Тағы да басқа сала мамандары облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің, аудан әкімінің алғашқы хаттарына ие болды. Тарихқа үңілсек, Әуелде Тәуелсіз Қазақстанның журналистикасы күні 10 мамырда аталып келді. Себебі 1870 жылы дәл осы күні қазақ тіліндегі алғашқы басылым – «Түркістан уәлаяты» газетінің алғашқы саны жарық көрген еді. 1997 жылы бұл дата өзгертіліп, журналистердің кәсіби мерекесі

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің қоғамды дамытудағы ерекше ролін атап өтіп, журналистердің кәсіби мерекесін ұйымдастыруды тапсырған еді. Солай Қазақстанда 2019 жылдан бастап Үкімет қаулысымен 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесі күні болып бекітілді. Осылайша нысқа фотоаппарат асынып, қолына қойын дәптерін қысып алып, «отқа да, суға да» түсетін журналистер күні – 28 маусым тойланды. Төл мерекені құтты болсын, тілші қауым!

Әзіл түбі – зіл

Мол газеттері «түрлі бақта»

Аудандық газеттің журналисі болу – мамандық емес, бұл ерекше диагноз. Олардың жұмыс күні редакциядағы ескі шайнектің қайнауынан басталып, газеттің жана санын түнімен даярлаумен аяқталады. Шайнегі қайнаймын дегенше мақаланың қамына кіріскен олар бас ала алмай сол күйі шайсіз қалады.

Кез келген республикалық немесе шетелдік журналист белгілі бір салаға, яки саясат, экономика, спортқа маманданады. Аудандық газеттің тілшісі ше? Ол – көпсалалы, әмбебап маман. Дүйсенбіде – аудандағы егін жинау науқанын бақылайтын агроном. Сәрсенбіде – жаңадан ашылған балабақшаның тәрбиешісі мен құрылысшысы. Жұма күні – мәдениет саласының жанашыры. Ал сенбіде аяқ асты футболдан аудандық құрамның бас бапкері не төрешісі болып шыға келеді. Құпия статистикаға жүгінесек, аудандық газет журналистерінің 80 пайызы өз ауданындағы барлық тракторшылар мен ауыл әкімдерін жақсы таниды. Олардың телефон кітапшасындағы «Су құбыры басқармасы» не «аудан әкімдігі» деген контакт «туған туыстардан» да маңыздырақ.

Республикалық БАҚ-тағы әріптестері «сенсация», «экслюзив» деп жүгіріп жүргенде, аудандық тілшінің басты сенсациясы – аудан орталығындағы жарықсыз қалған үш көше немесе 100 жылдық мерейтойын тойлап жатқан батыр ардагер. Олардың жұмысындағы ең басты қару – бақылау мен дипломатия. Егер ауыл ақсақалы сұқбат беруден бас тартса, онымен бір кесе шай ішіп, әңгімесін тыңдамай, тілшінің мақаласы шықпайды.

Қазіргі заманның аудандық журналисті – екі майданның сарбазы. Бір жағынан, қағаз нұсқаның «інісін сақтайтын» классикалық газетті шығару керек. Екінші жағынан, Telegram, Tik Tok, Instagram-ға жедел жаңалықтар шығару міндеті тұр. Осылайша, олар инстаграмдағы видеода «лайк» жинап жүріп, параллель түрде редакцияның үстеліндегі ескі компьютерді жөндеп отырады.

Жоқтан бар жасап, өзі фотограф, өзі оператор, өзі монтажер болған журналистердің алтын ережелері бар. Егер ауданға маңызды оқиға келсе, ең бірінші түсірілетін кадр – «Қонақ пен әкімнің маңдайлары бірдей жарқырап тұрған сәт». Газетке оларды жас етіп көрсету, қостыюм, жейдесі мен галстугі дұрыс тұруы – басты міндет. Одан соң тақырып қоюға келгенде елеңдетіп, әндетіп кететіні бар. Ондай тақырыптарды оқыған кезде кез келген аудан тұрғыны газетті сүйсіненіпкіпен паракеті бастайды. Бас тақырыпты жазғанда «ғаламдық масштабтағы мәселе» секілді көрінеді, бірақ оның астында әдетте көрші ауылдың мәселесі жатыр.

Аудандық газет журналисі көпше жасырынып жүре алмайды. Кез келген аялдамада немесе дүкенде оны тоқтатып алып: «Балам, газетке ауыл көшесін қашан асфальттайды деп жазасыңдар?» деп сұрайды. Себебі олар үшін журналист – аудан әкімі мен халық арасындағы «тірі байланыс» іспеттес. Әзілмен айтқанда, тілшілердің ең қиын сәті – «Не жазасам екен?» деп қабырғаға қарап отырғанда емес, «Бұл ақпаратты қалай

мақтанға айналдырсам екен?» деп бас қатырғанда басталады. Олардың ең сүйікті кейіпкері – «ауылдың еңбеккер диканы» мен «көпбалалы ана». Оларға сұқбат бермеген адам – ауданда жоқ адаммен тең. Аудандық газет – бұл жай ғана қағаз емес, бұл – ауданның «тірі энциклопедиясы». Ал ондағы журналистер – күн мен түннің, өсек пен шындықтың арасында жүретін, кез келген тақырыптан «май» тауып жейтін ерекше қауым. Олар жаңалықты аудан да таба алады. Егер ауылда сиыр жалғаса – бұл «ауыл шаруашылығындағы дағдарыс», егер кемпірдің тауығы жұмыртқаламай қалса – бұл «экологиялық ахуал».

Бізде «жұмыс күні 9-дан 6-ға дейін» деген ұғым жоқ. Біздің кесте – «газет шыққанша» және «газет шыққаннан кейін» деп бөлінеді. Газеттің жарық көретін күндері – біз үшін нағыз «соғыс майданы». Танертең – жиналыс, түсте – далалық жұмыс, ал кешкісін – мақеттеу мен верстка. Көпшілік ұйқыда жатқанда, біз редакциядағы ескі компьютерлердің экранына телміріп отырамыз. Түнгі сағат 12-де немесе 1-де редакцияның терезесі жапыртылса, демек, біз «көзекті нөмірді» дүниеге әкеліп жатырмыз. Бұл – біздің өміріміздің бір бөлігі. Түннің ортасында жазылған мақала әрқашан өткір, әрқашан шынайы шығады. Өйткені сол уақытта «редактордың түзетуінен» гөрі, «ішкі дауысының» әмірі жүреді. Түнгі сағат 1-де редакциядан шығып бара жатқанда, ғимарат сыртындағы жалғыз камераға қарап күлеміз. Ол камера біздегі жоқ байлығымыз емес, біздің жауапкершілігімізді күзетіп тұрғандай. Ішпегі ескі техникалар мен қолданбайтын фотоаппараттарға көз жүгіртсең, бізге «сендер қажетсіңдер» деп жымылдайтындай.

Иә, бәріміз ғаламтор дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Әлемде жаңалықтар секундына мындап таралуда. Бірақ аудандық газетті ашып, өз ауылының тыныс-тіршілігін, көршісінің жетістігін немесе таныс ағайынның суретін көру – мүлде бөлек эмоция. Бұл – тарихтың қолға ұсталатын бөлігі. Біздің басты байлығымыз – қолдағы қаламымыз. Ал айлық мәселесіне келсек... иә, біз «бай» емеспіз. Бірақ біздің жазған әрбір жолымыз – ауданның тарихы. Ал тарихты ақшамен өлшеу мүмкін емес!

Мереке құтты болсын, аудан журналистері!

Бетгі дайындаған Айнұр Ә.Ш.



Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ,
Adal ADAM YouTube арнасы
жобасының жүргізушісі, авторы:

БЕЙНЕТ hәм ҚҰРМЕТ

– Өзімді бақытты журналистпен деп есептеймін. Өйткені журналистік жолымда туған жеріме қызмет ету бақыты бұйырды. Кіндік қаным тамған Қазалыда екі жыл еңбек еттім, қазыналы өлкенің тарихын тасқа таңбалаған «Қазалы» газетіне бас редактор болдым. Өмірімдегі ең қымбат әрі ұмытылмас кезеңдердің бірі болып қалады деп ойлаймын.

«Қазалы» газеті – ауданның бас газеті, халқының тынысы мен тіршілігінің айнасы. Сондықтан газеттің әр нөмірінің, әр мақаланың артында қаншама еңбек, қаншама жауапкершілік жататын. Басылым аптасына екі рет шығатындықтан, басылуға кеткелі жатқан газет беттерін қайтадан бұзып, өзгерткен кезіміз көп болды. Маңызды жаңалықтарды келесі нөмірге алып қалуға болмайды, әйтпесе маңызы жойылады. Ал аяқастынан ауданға лауазымды адамдар келе қалса, саяси маңызды оқиғалар бола қалса, газет беттерін қаттап, тіпті

түннің жарымына дейін редакцияда отыратын кез де болады.

Журналистикада мереке де, демалыс та бола бермейді. Кейде түн ұйқыңды төрт бөліп мақала жазасың. Әрине мұның бәрі оқырманның көңілінен шықсақ екен, билік пен халық арасында алтын көпір болсақ екен деген бейнет hәм құрмет.

Әріптестермен өткен сол күндер әлі күнге дейін көз алдымда. Есет Табынбаев, Алтын Қосбармақова, Жеңісбек Айымқұлов, Үлболсын Талапбаева, Ринат Әбдіхалық, Айнұр Қазмағамбетова, Қаракөз Ермекбаева, Гүлбану Алтынбекова, Гүлдана (корректор), Мейрамбек Кеулімбаев және басқалармен бірге бір үйдің баласындай болып еңбек еткенімді мақтаншыпен еске аламын. Марқұм қаламгер Сақи Қапар ағамыздың да орны бөлек еді. Міне, бұл азаматтар газет шығару оңай жұмыс емес екендігін жақсы біледі. Сондай-ақ әріптестерімнің заманкөшінілесін,

жаңа медианың талаптарына сай басылымды дамытып жатқанын да айрықша атап өтіп жүрмек.

Газеттің мазмұнын байытып, беделін көтеруде тұрақты авторлардың да еңбегі бар. Жұмабек Табынбаев, Сержанқожа Берденұлы, Құдайберген Есекеев, Әлімжан Қияс, Кемел Көпжасар және басқа да аға-апаларымыз қарлығаш достығын көрсете білді, рухани демеу жасай білді. Орайы келіп тұрғанда, мереке қарсаңына аты аталған азаматтарға және Есет Жұмабекұлы бастаған қазіргі ұжымға, аудандық басылымда әр жылдары еңбек еткен әріптестеріме, бізді қолдаған, еңбегімізді бағалаған қазалылық оқырмандарға алғыс айтқым келеді.

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Қаламдарыңыз мұқал-масын! Ақиқаттың ақ жолынан айнамай, халықтың сеніміне қызмет ете беріңіздер. Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз арта берсін!

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қазалы аудандық «Қазалы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Есет ТАБЫНБАЕВ

Телефондар:
Бас директор – 8 (7242) 40-11-10
Бас редактор – 23-8-09,
Бас редактордың орынбасары – 23-8-04

Мекен-жайымыз: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі №138а үй, E-mail: kazaly@bk.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17658-Г куәлік берілген.
«Қазалы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2009 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр атаның сөйесіні, сенбі күндері шығады.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті жоқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баста үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А.
Тел: 8 (7242) 40-06-68
Газет таралымы бойынша 21-6-94 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефондарына хабарлануға болады.

Таралымы 4353 Тапсырыс 1087

Кезекші редактор: А.Ә.Ш.